

**Астана қаласы әкімдігінің
“№112 жалпы орта білім беретін мектеп” КММ-нің
2025-2026 оқу жылының
Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 3-отырысының
хағтамасы**

30.12.2025ж

Өткізілген орны: Инклюзия 102 кабинеті

Қатысқандар:

Мектеп директоры- К.К.Жумаханов

ДОЖО - Баимбетова Ш.Т, Дауей М.И

Әлеуметтік педагог - Кулжабекова С.О

Медбике – Кабдолова Б.Д

Пед-ассистенттер - Айтжанова С.Т, Рамазанова Ж.Ж, Макагова С.Е,
Кенжебекова Г.О, Бигаримов М, Жұмабек А.Ғ, Тошков Т.

Педагог-психолог: Мукагаева Ж.Б, Әуезбекова А.Р

Сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

1. Бірінші жартыжылдық бойынша ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың даму динамикасына мониторинг жасау, негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін бағалау;
2. Екінші жартыжылдыққа жеке оқу бағдарламаларын бекіту;

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі **бірінші мәселе** бойынша мектептің Инклюзивті білім беру бойынша жауапты маман Айтжанова С.Т бірінші жартыжылдық қорытындысы негізінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың даму динамикасына жүргізілген мониторинг нәтижелерімен таныстырды.

Мониторинг барысында:

- оқушылардың танымдық даму деңгейі;
- оқу дағдылары (оқу, жазу, есептеу);
- коммуникативтік қабілеттері;
- әлеуметтік бейімделуі;
- психологиялық жағдайы;
- жеке оқу бағдарламасының орындалу барысы қарастырылды.

Негізгі пәндер бойынша (қазақ тілі, математика, әдебиеттік оқу/қазақ әдебиеті, дүниетану/жаратылыстану және т.б.) білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейіне талдау жасалды.

Талдау нәтижесінде:

- Оқушылардың басым бөлігінде жеке білім беру бағдарламасына сәйкес оң даму динамикасы байқалды;
- Кейбір оқушыларда оқу материалын меңгеруде тұрақсыздық және қосымша түзету жұмыстарын қажет ететін тұстар анықталды;
- Пән мұғалімдері тарапынан сараланған тапсырмалар мен бейімделген бағалау жүйесі қолданылғаны атап өтілді;
- Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмыстары жүйелі жүргізілген.

Екінші мәселе бойынша мектептің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Дауей М.И бірінші жартыжылдық қорытындысы негізінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың білім алу нәтижелеріне талдау жүргізілгенін хабарлады.

Мониторинг нәтижелеріне сәйкес:

- әр білім алушының даму динамикасы;
- оқу жетістіктері мен қиындықтары;
- психологиялық-педагогикалық қорытындылар;
- түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігі ескерілді.

Осы негізде екінші жартыжылдыққа арналған жеке оқу бағдарламаларына түзетулер енгізілді. Бағдарламаларда:

- оқу мақсаттарының нақты әрі қолжетімді болуы;
- пәндер бойынша мазмұнды бейімдеу;
- сараланған тапсырмалар;
- бағалаудың икемді тәсілдері;
- түзету-дамыту сабақтарының жүйелілігі қарастырылғаны атап өтілді.

Педагог-психолог пен дефектолог жеке бағдарламалар оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес әзірленгенін және инклюзивті білім беру талаптарына сай келетінін мәлімдеді.

Пән мұғалімдері бағдарламалардың мазмұнына қатысты ұсыныстарын білдіріп, оқу материалын меңгеруді қолдау мақсатында қосымша көрнекіліктер мен практикалық тапсырмаларды қолдану қажеттігін айтты.

Сынып жетекшілер ата-аналармен бірлескен жұмысты күшейту керектігін атап өтті. Пән мұғалімдері оқушылардың пән бойынша жетістіктері мен қиындықтарына тоқталып, келесі бағыттарда жұмыс жүргізу қажеттігін ұсынды:

- оқу материалын қайталау және бекіту жұмыстарын күшейту;
- жеке және топтық түзету сабақтарын жалғастыру;
- ата-аналармен кері байланысты жүйелеу;
- қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау арқылы жеке траектория құру.

Шешімі:

1. Бірінші жартыжылдық бойынша ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың даму динамикасына мониторинг жасау, негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламаларын менгеру деңгейін бағалау;
2. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың екінші жартыжылдыққа арналған жеке оқу бағдарламалары бекітілсін.

Төраға **Ж.К. Жумаханов**
Хатшы **Д.С. Дасой М.И**

